



2020 жыл 28.12.

397

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің
2021-2022 жылдарға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын
бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің (бұдан әрі – Комитет) құрылымдық бөлемшілерінің, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нәтижелеріне және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңын сақтау бойынша тікелей жеке жауапкершілік жүктелсін.

3. Комитетінің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының басшылары:

1) Жоспарда көзделген іс-шараларды уақтылы және толық жүзеге асыруды;

2) жыл сайын 20 желтоқсаннан кешіктірмей Комитеттің Заң басқармасына Жоспардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

С. Сапиев

00976

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт
және дене шынықтыру істері комитеті

төрағасының

2020 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 297 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің
2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі
іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу жөніндегі шаралар				
1.	Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі бойынша анықтаманы Комитетке ұсыну	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі бойынша анықтама	Жыл сайын қараша айы	Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары
2.	Ұсынған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі бойынша анықтамаларға талдау жасау	Талдау	Жыл сайын	Заң басқармасы
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу жөніндегі шаралар				
3.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша анықтаманы Комитетке ұсыну	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу бойынша анықтама	Жыл сайын желтоқсан айы	Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары
4.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі шаралар	Интернет-ресурсында жариялау	Сыбайлас жемқорлық	Комитеттің ведомстволық

	туралы ақпаратты өздерінің интернет-ресурстарында жариялау		тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша	бағынысты ұйымдары
5.	Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары ұсынған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша анықтамаларға талдау жасау	Талдау	Жыл сайын	Заң басқармасы
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтау жөніндегі шараларды қабылдау				
6.	Комитет эзирлейтін нормативтік құқықтық актілер жобаларына заң сараптамасын жүргізу	Комитет басшылығына ақпарат	Тұрақты	Заң басқармасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру				
7.	2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын эзирлеу және бекіту	Жоспар	2021 жылғы қаңтар	Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
8.	2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын және оны орындау бойынша есептерді өздерінің интернет-ресурстарында орналастыру	Интернет-ресурсында жариялау	Жоспар – 2021 жылғы қаңтар айы, есептер жартыжылдық қорытынды бойынша	Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
9.	2021-2022 жылдарға арналған дене шынықтыру және спорт саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мақалалар жариялау кестесін эзирлеу және бекіту	Бұйрық	2021 жылғы қаңтар айы	Заң басқармасы
10.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарлау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру мәселелері бойынша Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарына әдістемелік көмекті көрсету	Әдістемелік көмек	Қажет болған жағдайда	Заң басқармасы
11.	Бекітілген кестеге сәйкес дене шынықтыру және спорт саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мақалаларды жариялау	БАҚ-та мақала	Жариялау кестеде көрсетілген мерзімге сәйкес	Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары

12.	Көрнекті ғалымдардың, мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдастықтың өкілдері мен басшыларының сөз сөйлеуін көздей отырып, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы және оған қарсы күрес мәселелері бойынша брифингтерге, телевизиялық бағдарламаларға және «тікелей желілерге» қатысуын қамтамасыз ете отырып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру	БАҚ-та жарияланымдар, брифингтер, интернет-конференциялар, теледидар хабарлар, тікелей байланыс	Жыл бойы	Заң басқармасы, баспасөз қызметі, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
13.	Сыбайлас жемқорлық ведомстволары және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да шаралар дайындау және өткізу	Семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқада шаралар	Жыл бойы	Заң басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
14.	Интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметі туралы арнайы бөлімнің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Интернет-ресурсында бөлім	Тұрақты	Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
15.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 бұйрығының талаптарына сәйкестігіне Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында ресми интернет-ресурстардың контентіне мониторинг жүргізу	Мониторинг жүргізу	Тұрақты	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
16.	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай өткізілетін спорттық іс-шараларды өткізу	Спорттық іс-шаралар	Жыл сайын желтоқсан айы	Бұқаралық және олимпиадалық емес спорт түрлерін дамыту басқармасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және сақтау				
17.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	-	Тұрақты	Комитеттің барлық

өзірлеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ұстану		қызметкерлер		
Қаржылық бақылау шаралары				
18.	Комитет қызметкерлерінің кірістер мен мүлік декларацияларын жылсайын табыс етуіне бақылау жасау	Құрылымдық бөлімшелерге хаттар, декларацияларды тапсыру турал анықтамаларын жинау	Жыл сайын 30 наурызға дейін	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы
19.	Комитеттің интернет-ресурсында «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының кірістері мен мүлік декларациясында көрсетілген мәліметтерді жариялау	Интернет-ресурсында жариялау	Жыл сайын 31 наурызға дейін	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы
20.	Басқарушы функцияларды орындаумен байланысты лауазымға үміткер тұлғалардың мемлекеттік қызметке, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға жұмысқа орналасуы кезінде сыбайлас жемқорлық жасағандығы немесе ондай мәліметтердің болмау туралы анықтаманы ұсынуына бақылауды жүзеге асыру	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарды дайындау кезінде бақылауды жүзеге асыру	Тұрақты	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер жөніндегі шаралар				
21.	Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы жаңадан қабылданған қызметкерлерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша соттылығы, біліктілік талаптарына сәйкес келуіне және т.б. мониторинг жүргізу	Мониторинг жүргізу	Жыл бойы	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
22.	Жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасын қатаң сақтау бойынша Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының кадрлық қызметі қызметкерлерінің арасында семинар өткізу	Семинар	Жыл бойы	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
23.	Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерге келісім алуға	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарды дайындау кезінде	Тұрақты	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы

	<p>бақылауды жүзеге асыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру; 2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу; 3) мүліктік және мүліктік емес иіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдау. 	бақылауды жүзеге асыру		
24.	Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға өздеріне тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін мүлікті уақытында сенімгерлік басқаруға беруге бақылауды жүзеге асыру	Лауазымға кіріскен күннен бастап бір айдың ішінде	Тұрақты	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы
25.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамаған жағдайда жұмысқа қабылдаудан бас тарту не лауазымнан шығару (лауазымнан босату) туралы шешім қабылдау.	Қызметтік жазба	Тұрақты	Әкімшілік және кадр жұмысы басқармасы

Мүдделер қақтығысын болғызбау жөніндегі шаралар

26.	Басшысын туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы жазбаша нысанда дереу хабардар ету	Комитет басшылығына ақпарат	Қажеттілікке қарай	Комитеттің барлық қызметкерлері, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
27.	<p>Басшылықтың өтініштер бойынша немесе басқа да көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша мынадай шаралардың бірін қабылдау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аталған адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттету және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыру; 2) лауазымдық міндеттерін өзгерту; 3) мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдау 	Тиісті шешімдер қабылдау	Қажеттілікке қарай	Комитеттің басшылары, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жөніндегі шаралар

28.	«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдерін бақылау және мониторингті жүзеге асыру	Анықтама	Тоқсан сайын	Өкімшілік және кадр жұмысы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
-----	---	----------	--------------	---

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы шаралар

29.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін кеңейту бойынша ұсыныстарды беру	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Талдау және стратегиялық жоспарлау департаментіне ұсыныс	Жартыжылдықта 1 рет	Мемлекеттік қызметтер және цифрлық дамыту басқармасы(жинақтау), Комитеттің құрылымдық бөлімшелері
30.	Комитеттің мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Талдау және стратегиялық жоспарлау департаментіне ұсыныс	Жартыжылдықта 1 рет	Мемлекеттік қызметтер және цифрлық дамыту басқармасы
31.	Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мониторинг	Мониторинг жүргізу	Тоқсан сайын	Мемлекеттік қызметтер және цифрлық дамыту басқармасы
32.	Мемлекеттік қызмет көрсетудегі стандарттар мен регламенттерде дискрециялық өкілеттіліктерді жою мақсатында талдау жүргізу	Талдау	Жартыжылдықта 1 рет	Мемлекеттік қызметтер және цифрлық дамыту басқармасы
33.	Өткізілген талдау негізінде Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	Жиынтық-талдау	Өткізілген	Мемлекеттік қызметтер

тізілімге қосылатын жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесін анықтау	басқармасына ұсыныс бойынша	талдаудың қорытынды бойынша	және цифрлық дамыту басқармасы
Мемлекеттік сатып алу саласындағы шаралар			
34. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзу фактілері туралы заң басқармасын уақтылы хабардар ету	Ақпарат	Тұрақты	Экономика және қаржы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
35. Интернет-ресурсында «Мемлекеттік сатып алу» арнайы бөлімнің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Интернет-ресурсында бөлімді жаңарту	Тұрақты	Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары
36. Комитеттің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың интернет-ресурсында жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарын орналастыру	Интернет-ресурсында жариялау	Жыл сайын желтоқсан айы	Экономика және қаржы басқармасы, Комитеттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары